«8D02206-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Оралова Акнур Амангелдыевнаның
«Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Оралова Акнур Амангелдыевнаның диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына негізделген және Ұлы Даланың ұлы есімдерін жаңғырту, тарихи сананы қалыптастыру, батырдың Жоңғария, Ресей және Цин империясы қарым-қатынастарындағы әскери-дипломатиялық қызметіндегі ұтымды айла-тәсілдерін қазіргі саяси-дипломатиялық жағдайда қолдану тұрғысынан да мемлекеттік бағдарламалардың бағыттарына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысында XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырда өмір сүрген батыр Қожаберген Жәнібекұлының ерен ерлігі мен әскери-дипломатиялық қызметі сипатталады.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	1) Диссертациялық жұмыс автордың жеке бастамасымен орындалған, мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын ғылыми жоба немесе мақсатты бағдарламаларға қатысы жоқ. Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен» қаржыландырылатын немесе нысаналы бағдарлама аясында орындалған жоқ.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	2) Диссертация Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарды дамыту» бағытына сәйкес орындалды.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	3) А.А. Оралованың диссертациясы Қазақстан Республикасы үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің интеллектуалдық әлеуеті (адам ресурстары мен білім) ғылыми кадрлар даярлау, жоғары білім мен ғылыми инфрақұрылымды дамыту» бағытына сәйкес келеді.

2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Тақырыптың тарихи-ғылыми маңызы ашылған, деректанулық база кең, ұлттық тарихнамаға қосылған жаңа деректер мен салыстырмалы талдаулар айтарлықтай, Қожаберген батырдың бұрын зерттелмеген дипломатиялық қыры зерттелген, зерттеу материалдары өте бай және көптілді деректерге сүйенген, ғылыми стиль жоғары деңгейде сақталған. Цин, Жоңғар және Қазақ хандығы арасындағы халықаралық қатынастардың динамикасы жүйелі түрде талданған. 2.1 Қосады, ашылған
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Оралова Акнур Амангелдыевна диссертациялық жұмысын өзінің жеке ізденісімен жазған. Жұмыстың деректік негіздері мен тарихнамасы бірінші тарауда арнайы қарастырылған. Ғылыми жұмыстың тарихнамасында Қожаберген батырға қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге тарихнамалық талдау жасалған. Ауызша және жазбаша деректер мен архив құжаттарына кең түрде сипаттамалар берілген. Әдебиеттер мен деректер қоры бай, ғылыми айналымға жаңа архив материалдары енгізілген.

			3.1 Жоғары
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертация құрылымы жағынан жүйелі, логикалық бірізділік сақталған. Автор кіріспеде тақырыптың өзектілігін, зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақты айқындап, негізгі бөлімде Қожаберген батырдың өмірі, шығу тегі, әскери жорықтары мен дипломатиялық қызметін кезең-кезеңімен талдаған. Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен қызметіне арналған бұл зерттеу тақырыбы – қазақ тарихының аса маңызды кезеңін қамтитын өзекті ғылыми мәселе. Батыр Қожаберген – XVIII ғасырда қазақ халқының тәуелсіздігі мен ел бірлігін қорғауда, сондай-ақ қазақ-қытай, қазақ-жоңғар қатынастарында дипломатиялық рөл атқарған көрнекті тұлға. Кеңестік дәуірде ұлт батырларының есімі мен қызметі жеткілікті деңгейде зерттелмегені белгілі. Тәуелсіздік жылдарынан бастап тарихи әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында Қожаберген батыр тұлғасын жан-жақты қарастыру қажеттілігі айқын байқалды. Сондықтан автордың бұл тақырыпты таңдауы – уақыт
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

			талабына сай және тарихи маңызы жоғары. 4.1 Негізделген
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы және деректік негізі тақырыпты толық ашады. Зерттеу жұмысы белгілеулер мен қысқартулардан, кіріспеден, үш тараудан және сегіз бөлімнен тұрады. Сонымен қатар зерттеу жұмысында қорытынды бөлім, пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі және қосымшалар қамтылады. 4.2 Айқындайды
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбында қойылған негізгі мәселелерді шешуге сәйкес келеді. Барлық тараулар мен тұжырымдар бірбірімен логикалық байланысты сақтай отырып, тақырыптың мақсаты мен міндеттерін ашады. 4.3 Сәйкес келеді
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Зерттеудің барлық бөлімдері мен құрылымы толық байланысқан. Тараулар мен тармақшалардың қорытындылары үйлеседі. Қожаберген батырдай тұлғаға деңгейлес тарихи тұлғалардың

			шығу тегі мен өмірін, саяси-дипломатиялық қызметін, қайраткерлік келбетін тарихи тұрғыдан зерттеу – қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе. Докторанттың қол жеткізген нәтижелері бір-бірін толықтыра отырып, өзара құрылымдық сабақтастығынан ауытқымай, жүйелі түрде айтылған пайымдаулары еңбектің маңыздылығын арттырады. Бұл зерттеу ішкі бірлігі бар, логикалық аяқталған жұмыс. Зерттеудің нақты тұжырымдалған мақсаты мен міндеттері диссертацияның әр бөлімінде дәйекті теориялық және әдіснамалық шешім тапты, қорғауға ұсынылған негізгі ережелер түрінде қалыптасты. Барлық нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар бір-бірімен байланысты, әрбір қорытынды алдыңғы тұжырыммен байланысты жасалды. 4.4 Толық байланысқан
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертант зерттеу жұмыста ұсынған жаңа шешімдер бұрыннан белгілі шешімдермен бірге қарастырып сыни талдау жасаған. Қожаберген батырдың Цин империясы мен Қазақ хандығы
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	

		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	арасындағы шекаралық саясаттағы беделін нақты архивтік және тарихи деректер арқылы алғаш рет кешенді қарастырған. Ресей империясының сыртқы саясат архиві, Қытайдың тарихи архиві және Орынбор және Омбы облыстық архивінің сирек деректері, сондай-ақ мәнжу-қытай тіліндегі құжаттар пайдаланылған. Ізденуші функционалистік және феноменологиялық талдау әдістерін қолданып, батыр тұлғасын тек әскери тұрғыдан ғана емес, дипломат әрі мәмілегер ретінде де қарастырады. 4.5 Сыни талдау бар
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыстың ғылыми жаңалығы - Қожаберген Жәнібекұлының бейнесін тек әскери қолбасшы ретінде емес, сонымен қатар ел бірлігін сақтаудағы, сыртқы саясаттағы мәмілегерлік қабілетімен танылған тұлға ретінде сипаттауында. Бұл бағыттағы тұжырымдар қазіргі тарих ғылымына тың деректер мен жаңа көзқарастар ұсынады. Ізденуші дискурсивтік тәсілді қолдана отырып, тұлғаның нақты өмірінен оның бейнесінің түрлі тарихи кезеңдеріне баға берген.

			5.1 толығымен жаңа
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ұсынылған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп бағалауға лайық. Зерттеу қорытындылары ғылыми орта мен зерттеушілердің жоғары сұранысын қанағаттандыруға бағытталған. Диссертациялық жұмыс қазақ батырларына қатысты жұмыстардың қатарын толықтырады. Ұсынылып отырған диссертациялық еңбекте халқымыздың бүгінгі бейбіт өмірі жолында күрескен және қазақ жерінің территориялық тұтастығын сақтап қалу жолында жауға кеудесін тіккен Қожаберген батыр Жәнібекұлының өмір тарихы мен әскери-дипломатиялық қызметі архив құжаттары мен ауызша деректер негізінде жазылған. 5.2 толығымен жаңа
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыс «8D02206-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
		1) **толығымен жаңа;**	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	және гуманитарлық бағыт бойынша әзірленгендіктен, техникалық, технологиялық, басқару шешімдерін талқылауды мақсат етпейді. 5.3 толығымен жаңа
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Диссертациялық зерттеудің барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелденген және сенімді деректерге негізделген. Зерттеу нәтижелері ғылыми ортаға таныстырылып, отандық және шетелдік, халықаралық басылымдарда жарияланды. 6 Негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) **жоқ;**	7.1 Қорғауға шығарылған негігі қағидаттары толығымен дәлелденген; 7.2. Тривиалды емес; 7.3. Қағидаттар: жаңа; 7.4. Қолдану деңгейі: кең; 7.5. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер мақалада дәлелденген. Диссертациялық зерттеудің негізгі

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	тұжырымдары мен нәтижелері 13 мақала негізінде жарияланған. Диссертацияның басты мәселелері халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми журналдар мен жинақтарда көрініс тапқан.
		7.3 Жаңа ма?	
		1) иә;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **иә;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі ретінде тарих ғылымындағы жаңа методологиялық ұстанымдар мен концепциялар басты ұстаным ретінде қолданылған. Қожаберген батырдың өмірі мен мемлекеттік қызметін қамтитын дереккөздер мен зерттеулерді хронологиялық кезеңге байланысты обьективті талдау басты назарға алынған. 8 иә
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **иә;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеуде ғылыми зерттеулердің заманауи компьютерлік технологияларды қолдану, сонымен қатар деректерді өңдеудің және интерпрециялаудың қазіргі заманғы әдістерін қолданған. Докторант ауызша деректік материалдарды жинақтаудағы сауалнама жүргізу барысында компьютерлік технологияны қолданған. Бұл тәсілдер алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін, нақтылығын және практикалық құндылығын арттырады. 8.2 иә.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыста теориялық тұжырымдар, өзара байланыстар мен заңдылықтар нақты деректер арқылы дәлелденген және расталған. Теориялық қорытындылар, тұжырымдар нақты архив материалдары мен ғылыми әдебиеттерге арқылы дәлелденген және расталған. 8.3 иә.
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған.

			Диссертациялық жұмыстың теориялық-методолгиялық негізі дұрыс құрылған. Зерттеу жұмысында көрсетілген құнды мәліметтер сенімді және нақты. Маңызды ғылыми деректер ғылыми әдебиеттерге сілтеме келтіру арқылы дәлелденген. Тақырып аясындағы архив материалдары мен зерттеушілердің еңбектеріне нақтылы талдаулар жүргізілген. 8.4 Расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қамтылған әдебиеттер тізімі 100-ден асады. Ізденуші шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерін, жарияланған құжаттық материалдарды пайдалана отырып, тарихнамалық шолуды мазмұнды және ғылыми негізделген деңгейде жүзеге асырған. Пайдаланылған әдебиеттер мазмұны диссертациялық зерттеудің мақсаттарын дәлелді негіздеуге және ғылыми тұжырымдарды растауға толық мүмкіндік береді. 8.5 жеткілікті.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы айтарлықтай жоғары. Зерттеуде қол жеткізген ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер отандық тарих ғылымының дамуына өз үлесін қосады. Зерттеу барысында пайдаланылған теориялық-методологиялық ұстанымдар мен қағидаттар келешекте жүргізілетін басқа да зерттеулерде қолданыс табуға негіз бар. 9 бар
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы жоғары. Зерттеудегі негізгі қорытындылар мен тұжырымдарды XVIII ғасырдағы қазақ батырлары мен қолбасшылары туралы ғылыми зерттеулер мен гранттық жобалар даярлауда, ғалымдарға, жоғары оқу орнының оқытушыларына, білім алушы жастарға пайдалануға арналған зерттеу еңбегі ретінде пайдалануда құнды саналады. 9.2 иә
		1) **иә;**	
		2) жоқ.	

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар мазмұны жағынан жаңалыққа ие, Қожаберген батырдай тұлғаға деңгейлес тарихи тұлғалардың шығу тегі мен өмірін, саяси-дипломатиялық қызметін, қайраткерлік келбетін тарихи тұрғыдан зерттеу – қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселе. Қожаберген батыр туралы кешенді түрде зерттеу ғалымдар назарынан тысқары қалуы, қазіргі таңда батыр жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарының мардымсыздығы, көпшілікке батыр есімінің лайықты тұрғыда ұлықталмауы белгілі. Батыр Қожаберген Жәнібекұлының ғұмыр тарихы мен шығу тегін зерттеу оның батырлық келбеті мен Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы тарихының кейбір тұстарын анықтауға жол ашары анық. 9.3 Толығымен жаңа
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу деңгейі жоғары, жұмыс дербес әрі толық аяқталған ғылыми зерттеу деп бағалауға лайық. Зерттеу нақты ғылыми мәселелерді шешуге бағытталған, құрылымы логикалық және түсінікті. Ізденуші ғылыми стильді қатаң сақтап, терминологияны дәл қолданған. Пайдаланылған әдебиеттерге

			сілтемелер барлық талаптарға толықтай жауап береді, диссертацияның мазмұны мен құылымы PhD дәрежесін алу үшін қажетті рәсімдеу стандарттарына толық сәйкес келеді. 10 жоғары
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияға ескерту жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Ізденушінің ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес және жоғары ғылыми деңгейде орындалған. Докторант Қожаберген батырдың халықаралық қатынастардағы қызметі, батырдың ата-тек шежіресі, қазақ даласының шығыс шегараларындағы фронтирлік аймақтарды жаудан қорғаудағы батырдың әскери-мәмілегерлік қызметі, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалған қазақ-орыс байланыстарындағы Қожаберген Жәнібекұлының мемлекеттік қызметі туралы А.А. Оралованың бірқатар арнайы зерттеу мақалалары тақырыптың мазмұнын толық ашады және ғылыми тұрғыда құнды жарияланымдар деп есептеймін.

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Оралова Акнур Амангелдыевна диссертациялық жұмысында алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық қол жеткізген, ғылыми аппарат дұрыс қолданылған, зерттеу нәтижелері дәйекті және негізді. Диссертациялық жұмыс мазмұны, құрылымы мен ғылыми маңызы жағынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес орындалған. Сол себепті де, ізденушінің «Батыр Қожаберген Жәнібекұлының өмірі мен әскери-дипломатиялық қызметі (1689–1785 жж.)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына «8D02206-Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензент:

ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты
бас ғылыми қызметкері, т.ғ.д. **Ғ.М. Қарасаев**